Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 4 маусым №4712-24-00-2/1800 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Кульмухаметова Нафиса Ринатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты бұзу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Кульмухаметова Нафиса Ринатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты бұзу туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кульмухаметова Нафиса Ринатовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесімен жеке кәсіпкер Кульмухаметова Нафиса Ринатовнаның арасында 16 ақпан 2024 жылғы №10 және №11 жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бұзылсын.

Жеке кәсіпкер Өтегенов Қуат Амангелдіұлынан мемлекет пайдасына 5 538 (бес мың бес жүз отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Борашева А. А., 17.07.2024

4712-24-3-1/1602